Сыр бойы

№110-111
(19593-19594)
28 ШІЛДЕ,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

«Zhas Project»: ЖАҢА ЖОБА, ҮЛКЕН МҮМКІНДІК 2

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ 5

ҚАҚПАНҒА КӨКЖАЛ ТҮСТІ 6

QALA INFRAQURYLYMY

ҚҰРЫЛЫС – ДАМУДЫҢ ДӘЛЕЛІ

«Облыс орталығында жер учаскесін алуға бүгінгі күні 60 мыңдай адам кезекте тұр. Тиісті құжаттарға сәйкес жеткізілген инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы бар жер учаскелерін бөлу қарастырылған. Алайда, Қызылорда қаласы мен оның инфрақұрылымы болашақта тек азқабатты жеке құрылыс есебінен ғана дами алмайды». Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамыту мәселелері талқыланған мәжілісте осылай деді. Сондай-ақ аймақ басшысы: «Инфрақұрылымды дамытуда қаладағы тұрғындардың орналасу жиілігі өте төмен де, өте жоғары да болмауы тиіс деген ереже бар. Егер адамдар аз болса, онда инфрақұрылым өте қымбат болады, ал, қызмет көрсету (сервис) дамымай қалады. Сондықтан, біз Қызылорда қаласы инфрақұрылымының алдағы дамуына көпқабатты және азқабатты құрылыстардың үйлесімділігі қолайлы деп білеміз» деп тағы бір нақтылады.

2-бет >>

ARNAÝ

Мандайың жарық болсын, ҚАЗАҚСТАН!

Биыл Астанаға – 20, Қызылорда қаласына – 200 жыл. Ел байтағының мерейлі мерекесіне Қызылорда облысы зымыран-ғарыш техникасы музейін тарту етті. Оның таныстырылымына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, Сыр еліне ризалық сезімін жеткізген еді. Елдің рухын көтерген тарихи сәтті жерлесіміз, белгілі айтыскер ақын Мұхтар Ниязов жырға арқау етті.

Дарияның жағасында бір қала бар,
Сырласын іздеген жан Сырға барар.
Шапқылап ойнап-күліп әр аулада,
Шаттықтың тойын тойлап жүр балалар.

Сыр елі бұл кетпейтін естен дара,
Өзгеше боп құлпырып, өскен жаңа.
Екі жүзге толғанда Сырдарияның,
Екі бетін жайлауға көшкен қала.

Елбасы биіктетіп аласамды,
Жиырма жылда ерекше, жаңа, сәнді.
Жұмыр жердің жанарын жалт қаратып,
Жұлдыздай жарқыраған қала салды.

Сырдария мен Есілдің жағасы бай,
Жайнап гүлдеп көрсеткен жаңа шырай.
Қос дүниесі абат болған қазағымның,
Қос тойы қабат келді дәл осылай.

Жасындай жарып өткен бар түнекті,
Байқоңырдың байтаққа даңқы жетті.
Сыр Елі Астанаға құрметпенен,
Ғарыштың символдарын тарту етті.

Ғарышты игерем деп текті, айбатты,
Елбасы көрсетуде көп қайратты.
Көк жүзін бағындырар күн де жақын,
Көтеріп төбемізге көк байрақты.

Еркіндіктің жеткенде жазы алыстан,
Артта қалды дәуірлер аза құшқан.
Мәңгілік ел болуды мақсат тұтқан,
Мандайың жарық болсын, Қазақстан!

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ КӨКӨНІС

Қазіргі күні аймақта 62 жылыжай бар. Мәліметке жүгінсек, оның 52-сі Қызылорда қаласында орналасқан. Қалғаны Жаңақорған, Шиелі және Қармақшы аудандарына тиесілі.

Қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округіндегі «Натишаева» жеке кәсіпкерлігінің шаруашылық кешенінде мал бордақылау алаңы, мал сою пункті, ет бағытындағы құс фермасы, сондай-ақ жылыжай бар. Аумағы 1 гектар, 2015 жылы іске қосылған. Содан бері қала халқын қолжетімді бағадағы жергілікті өніммен қамтамасыз етуге үздіксіз үлес қосып келеді. Біз барғанда жұмысшылар жылыжайды алдағы маусымға дайындап жатыр екен.

– Жер өңдеу, улау, тыңайту, зиянкестерді жою, одан бөлек, жұмыс орнын әктеу, сырлау сияқты шаруа жетерлік. Ал жылыжай өсірудің қиындығы өз алдына. Тынбай еңбектену керек. Көбірек өнім алу үшін әрбір көкөністі өсірудің құпиясын білуге тиіспіз, – дейді жылыжай агрономы Эльмира Омар.

Мұнда сұранысқа сәйкес қиярдың – «Регор», «Кемре», «Игл», қызанақтың «Диаграмма», «Менхир», «Линда» сияқты сорттары егіледі. Дәмі де, түрі де ерекше голландиялық сорттар Алматыдан әкелінеді. Алғашқы жылы шамамен 15 тонна өнім алынған болса, өткен жылдан бастап бүгінге дейінгі аралықта бұл көрсеткіш 60 тоннаға артқан. Қазір жылыжай ісінің басында 15 шақты адам жұр. Ал жұмыс қызған шақта одан да көбейе түседі.

Жылыжай жетекшісі Нұргелді Пірәлиев қала іргесіндегі «Ягодка» саяжайында жеке кәсіпкерлікке тиесілі және бір жылыжай барын жеткізді. Онда қияр мен қызанақ қана емес, сонымен қатар баклажан, болгар бұрышы, орамжапырақ, қауын, қарбыз егіліп жұр. Шаруашылықтың бұл түрі оңай емес. Машақаты жетіп артылады. Дегенмен, жаңа технологиялар көкөністерді жыл он екі ай өсіруге мүмкіндік беріп отыр. Бабы келіссе, қысқа мерзім ішінде сапалы өнім алуға болады. Ол үшін, жоғарыда айтқанымыздай, тек тер төгу керек.

Облыс орталығындағы «Орда» шаруа қожалығы 2011-2012 жылдары «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ бастамасымен 10 гектар аумақтағы 120 жылыжайды лизингке алды. Ол жерден жиналған қызанақ қала дүкендеріне арзан көтерме бағамен жеткізіліп, сатылуда.

Алдағы уақытта жоғары сортты қызанақ өсіруге бағытталған заманауи жоғары технологиялық тағы бір жылыжай кешенін іске қосу жоспарланып отыр. Осы мақсатта «Автоматтандырылған жылыжай құрылысы» жобасы іске асырылуда. Облыс орталығына жақын орналасқан жылыжай кешені облыс халқын сапалы өніммен қамтамасыз етпек. Жоба іске қосылған жағдайда кешенде жылына 900 тонна қызанақ өсіріліп, нарық 20%-ке төмен бағадағы өніммен қамтамасыз етіледі деген сенім бар.

Қазіргі уақытта қызылордалықтар испандық серіктестерімен бірлесіп құрылыс-монтаж шараларын жүргізіп жатыр.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

КООПЕРАТИВ – АУЫЛДЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Биыл Елбасы Жолдауында бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылығы мен фермерді кооперативтерге біріктіру қажет деген тапсырма берді. Ал «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да ауылдық жерлерде кооперативтік өндірісті дамыту жаңазеландиялық Fronterra және даниялық Arla үлгісімен ұйымдастырылатыны айтылған.

Кооперативтерге бірігу ауласында жекеменшік мал өсіретіндердің шығынын азайтып, табысын еселей түседі. Бүгінде еліміздегі малдың 80 процентке жуығы ұсақ қожалықтар мен үй шаруашылықтарында екен. Міне, осы үлкен әлеуетті іске қосу еліміздің ауыл шаруашылығының өз деңгейінде дамуына жол ашады. Жеке шаруашылықтар техника жағынан, мемлекеттік субсидия алудан кедергілерге кездессе, кооперативтерге мемлекеттік қолдау кеңінен қарастырылып, жеңілдетілген несие беру жұмыстары жолға қойылған. Сондай-ақ, кооперативтік қозғалыс ауылдағы жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне ықпал етті. Бұрын ауылдардағы өз-өздерін жұмыспен қамтыған азаматтар енді жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, бұдан былай шаруашылықтары мемлекеттің қамқорлығы мен қадағалауында болатын болды.

Облыс аумағында ауыл шаруашылығын кооперативтендіру жұмыстары бір жүйеге түсіп келеді. Айталық, өткен жылы 342 тонна ет пен 133 тонна сүт өндірсе, биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығының өзінде 206 тонна ет, 252 тонна сүт дайындаған. Тарқатып айтар болсақ, өткен жылы облыс әкімі, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары-Ауыл шаруашылығы министрі және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрімен «Жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуетін пайдалана отырып ауылшаруашылық кооперативтерін құруын, ауыл халқын жұмыспен қамту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» мақсатында үш жақты индикативті іс-шара жоспары бекітілген еді. Индикативті жоспарды орындау мақсатында облыс бойынша 1250 жеке қосалқы шаруашылықтардың бірігуімен 48 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылып, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Нәтижесінде бүгінгі күні 801 отбасылық мал бордақылау алаңдары, 3928 бас сиыр сатып алынып, 385 шағын отбасылық сүт фермалары құрылды. Ал кооператив мүшелерін жеңілдетілген несие қаражатымен қамтамасыз етудің арқасында 1230 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау бойынша Қазалы ауданына қарасты 5 кооператив 382 тонна бақша өнімдерін өндіріп, оның 73 тоннасын Ресейге экспорттаған.

Президент «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында жауапты органдарға ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсету керек деген міндет жүктеді. Биыл облыста 5 кооперативке 55,2 млн теңге несие берілген. Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметі бойынша кооперативтерден барлығы 3,5 млн теңге салық түскен.

Облыс әкімі биылғы жылды «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» деп жариялағандықтан, 250 жеке қосалқы шаруашылықтың бірігуімен 18 кооператив құрылды. Жалпы, биылғы жылдың I тоқсанында кооперативтермен 206 тонна ет, 352 тонна сүт өнімдері өндіріліп, ішкі нарықты қамтамасыз еткен. Бұл көрсеткішті өткен жылғымен салыстырғанда ет 14%-ке, сүт 7 есеге артық. Байқағанымыздай, соңғы жылдардағы статистикалық деректер мен атқарылған жұмыстардың барысы кооперативтер құру ауыл шаруашылығы ісін ілгерілетіп, ауылдарды дамытудың негізі бола алатынын дәлелдеді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ҚҰРЫЛЫС – ДАМУДЫҢ ДӘЛЕЛІ

<< 1-бет

Қазір Қызылорда қаласында мұндай үйлесімділік анық байқалады. Жалпы Сыр елінің бас шаһары соңғы жылдары қарқынды құрылыс алаңына айналғанын, оның ерекше сипатта дамып келетінін бәріміз де көріп жүрміз. Әлеуметтік және басқа да бағыттағы нысандарды айтпағанда мемлекеттік тұрғын үй құрылысы ерекше жанданды. Егер бізде 2013 жылы 270 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, өткен жылдары бұл көрсеткіш 600 мың шаршы метрден асып түсті. Яғни, екі есе көп берілген. Нәтижесінде, облыс орталығының өзінде ғана соңғы жылдары 14 жаңа шағын аудан пайда болды. Ал облыс бойынша 5 жыл ішінде 2 млн шаршы метр тұрғын үй берілді.

Биылғы жылы да Қызылорда қаласында көпқабатты тұрғын үйлер құрылысы бәсеңдеген жоқ. Деректер не дейді?

Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй құрылысы бойынша Сырдария өзенінің сол жағалауында жалпы аумағы 11,7 мың шаршы метрді құрайтын 220 пәтерлік 4 үй, құнды қағаздар шығару есебінен кредиттік тұрғын үй құрылысы бойынша жалпы аумағы 15,2 мың шаршы метр болатын 240 пәтерлі 4 үй құрылысы жүруде.

Дарияның сол жағалауында көз алдымызда жаңа қала пайда болуда. Иә, Қызылорда қаласы болашақта елорда секілді оң және сол жағалауда дамуда. Қазіргі таңда жеке құрылыс компаниялары есебінен мұнда 770 пәтерлік 18 үй бой көтеріп келеді. Олардың жалпы аумағы 59,4 мың шаршы метр. Сонымен қатар қаланың өзге аудандарында, атап айтқанда, «Ер Ару» тұрғын үй кешенінде 88 пәтерлі 1 үй, (9 мың ш.м) «СПМК-70» тұрғын ауданынан 60 пәтерлік 1 үй (4 мың ш.м) А.Иманов көшесі бойынан 55 пәтерлік 1 үй (5 мың ш.м) салынып жатыр.

Ал жалпы алғанда биылғы жылы «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында Қызылорда облысы бойынша 1726 пәтерді құрайтын 42 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы (121,3 мың ш.м) жүргізілуде (оның ішінде жеке құрылыс компаниялары арқылы 866 пәтерлік 21 көпқабатты тұрғын үй – 69,7 мың ш.м). Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй құрылысы бойынша Қызылорда қаласынан бөлек Байқоңыр қаласында 250 пәтерлік 5 үй (15,8 мың ш.м), Қазалы ауданында 6 үй, (6,4 мың ш.м), Сырдария ауданында 42 пәтерлік 2 үй (2,5 мың ш.м) салынып жатыр. Сонымен қатар, Арал қаласында апатты жағдайдағы үйлер орнына облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, 27 үйдің құрылысы басталды. Бұл үйлерді биыл пайдалануға беру жоспарланған.

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштердің өзінен өңір тұрғындары алдында берілген уәделердің орындалып келетінін көруге болады. «Біз Астананың үлгісі бойынша өзеннің сол жағалауын игеру арқылы жаңа қала саламыз», деген еді облыс әкімі алғашқы инвестициялық форумдардың бірінде. Сондай-ақ жұлдызды шаһарда қазақстандық тұрғындар үшін баспана құрылысы басталатыны, биылғы жылы Арал қаласында апатты үйлер тұрғындарын жаңа баспанамен қамту туралы сөз іс жүзінде қызу жүріп жатыр.

Ал осы жылдың 1-ші жартыжылдығында облыс бойынша 306 910 шаршы метр болатын тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде тұрғындардың қаржысы есебінен жалпы ауданы 223 231 шаршы метр 1613 жеке тұрғын үй пайдалануға қабылданса, мемлекет пен басқа да қаржы көздерінен жалпы ауданы 83 679 шаршы метр көпқабатты 19 тұрғын үй пайдалануға қабылданды. Үстіміздегі жылдың 6 айының қорытындысымен 21,3 шақырым инженерлік желілер пайдалануға берілді.

2018 жылға бөлінген қаржының ішінде трансферттер есебінен барлығы 13,3 млрд теңге «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бөлінді. Жалпы бағдарлама аясында биыл 667,4 мың шаршы метр тұрғын үй салу және жаңа тұрғын үй аумақтарына 495 шақырым инженерлік желілер жүргізу жоспарға алынған.

Халықты баспанамен қамту мәселесі – мемлекет үшін қашан да басым бағыттың бірі. Осы мақсатта халыққа жеңілдетілген несиемен үй алу мүмкіншілігін беретін бағдарламалар біздің өңірде тың тәсілдермен әрі қолайлы жағдайда іске асуда. Соның арқасында жылдар бойы жеке баспана күткен қаншама қызылордалық армандарына жетіп, қоныстойын тойлап жатыр. Ал оның жалғаса беретініне сенім зор.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

АСТАНА СЕКІЛДІ ТЕЗ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Сыр елінің орталығы – Қызылорда шаһары соңғы кезде қарқынды дамып келеді. Аймақта жүзеге асырылып жатқан игі тірліктердің барлығы қала тұрғындарының жағдайын жақсартуға бағытталған.

Облыс орталығының әлеуметтік-экономикалық тынысының кеңеюі арқасында қай салада болмасын, ілгерілеушілік байқалады. Оны өзім еңбек етіп жүрген медицина саласынан көремін. Сөзімнің дәлелі, соңғы 5 жылда аймақта 58 нысан пайдалануға берілген болса, соның 49-ы апатты жағдайдағы нысандардың орнына салыныпты. Соңғы үлгідегі медицина құралдарының арқасында ауруханалар мен емханалардағы қызмет көрсету сапасы жақсарды.

Әркімге өзінің туған жері қымбат. Қызылордадағы өзіміз көріп жүрген өзгерістер көңілге қуаныш сыйлайды. Әсіресе, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қала құрылысын айту ләзім. Шаһарымыздың Астана секілді күннен-күнге дамып келе жатқаны өңірдің де дамуына, өсуіне жол ашады, мүмкіндіктер береді. Сыр елінің бас қаласы мен Арқа төсіндегі ару қаланың тарих қатпарындағы сабақтастығы, ғасыр тезіндегі үндестігі болашақ даңғылында одан әрі тоғысып, беки түспек.

Ләйлә АХМЕТ,
№3 қалалық емхана бас дәрігерінің
емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

ЖАСАМПАЗ ҚАЛА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Қызылорданың даму деңгейін, қала мәдениетінің артқанын сәулетті нысандардан, соңғы жылдары қарқын алған құрылыс жұмыстарынан, гүл көмкерген көшелерінен, тазалығынан анық байқауға болады. Тұрғын-үй құрылысының жылдам әрі көп жүргізілуі қалалықтардың, әсіресе жас отбасылардың баспаналы болуына ықпал етті. Бұл туралы Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамыту жөніндегі мәжілісте де айтылған екен. Қала балабақша бизнесінің даму қарқыны жағынан өзге облыс орталықтарынан көш ілгері. Мектептен қамтамасыз ету көрсеткіші де елдің көңілінен шығуда. Облыс әкімінің «Сабалақ» саяжай кешенін қала аумағына кіргізу жөнінде тапсырма беруі ондағы инфрақұрылым мәселелерінің оңтайлы шешіліп, қызмет көрсету деңгейінің артуына жол ашатыны белгілі.

Тұрғындардың қолайлы өмір сүруі, қауіпсіздігі үшін қашанда көшені жарықтандыру, жылу, жолдар, тротуарлар мәселесі маңызды. Мәжілісте осы жағдайларға баса назар аударылып, қала аумағын тиімді пайдалану қажеттілігі айтылған екен. Расында, қала инфрақұрылымы жоғары деңгейде дамуы үшін жеке тұрғын үйлердің орналасу жиілігі өте төмен де, өте жоғары да болмауы қажет. Бұл қызмет көрсету сапасының дамуына да қатысты мәселе. Сондай-ақ жол, қоғамдық көліктердің оңтайлы жүйесін қалыптастыру мәселесінің назарға алынуы қала тұрғындарының еркін, қауіпсіз серуендеуіне септігін тигізеді.

Қала сәулетті ғимараттарымен ғана емес, жайқалған жасыл желегімен де көріктене түсері сөзсіз. Шаһардың жасыл жамылғысы қаланың әрі мен әдемілігі ғана емес, ауа тазартатын, күннен, шудан қорғайтын қорғанышы. Жиында ағаштардың мол болуы үшін алдымен, арықтар жүйесін ретке келтіру мәселесі қозғалып, мұны шешудің тиімді жолдары қарастырылыпты. Сап түзеген ағаштар сәнді саябақ, мәдени демалыс орындарының артып, гүл мен жасыл желектің көбейе түсуіне септеседі. Мұның барлығы қалалықтардың өмір сүру сапасының артып, әл-ауқатының жоғарылауы үшін жасалған қадам, нақты жоспарлар деп ойлаймын.

Бүгінде шаһардың сән-салтанатының еселі еңбектің нәтижесін байқаймыз. Ең бастысы, Қызылорданың бүгінгі даму деңгейі тұрғындардың, жастардың жарқын болашағын елестететі.

Құралай ӘБІЛДАЕВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжінің
оқытушысы.

«Zhas Project»: ЖАҢА ЖОБА, ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Елімізде әлеуметтік саясатты жүргізу мақсатында ауқымды жобалар атқарылуда. Соның бірі жастарға, әсіресе, әлеуметтік жағынан аз қамтылған ел тұрғындарын қолдауға бағытталған – «Zhas Project» жобасы.

Жастардың идеясы мықты, жоспары сақадай-сай болғанмен, қаржы қолбайлау болса, бизнес әлеміне еркін ену мүмкін емес. Ал «Zhas Project» жобасы идеясы мол жастарға қаржылай демеушілік жасап, жеңімпаздарға 1000000 теңге көлемінде қайтарымсыз грант негізінде қаржы береді. Халықаралық қайта құру және даму банкі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірлесуімен жүзеге асқан жоба өткен жылы басталып, еліміздің төрт облысынан 2000-ға жуық жасты қамтыған. Ал биыл «Zhas Project» жобасы Сыр елінде алғаш рет іске асып, жеңімпаздар анықталды.

Жоба дипломы жоқ, жұмыссыз немесе жалақысы аз, мүмкіндігі шектеулі не ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жандарды қолдауға бағытталған. Бағдарламаға қатысу үшін 14-29 жас аралығындағы жастар жоба дайындап, бірнеше адамнан тұратын команда жасақтауы қажет. Демек, бір қолдың саласындай біріккен жастар үшін жұмыссыздық мәселесінің шешімі табылады. Егер жобада жеңіп шықса, топ грант иегері атанып, жобаны іске асырған әр ай үшін 6 ай мерзімде шәкіртақы алады. Шәкіртақының көлемі жоғары оқу орнын бітіргендерге – 60 мың теңге болса, орта оқу орнын немесе мектеп бітірген жастарға – 40 мың теңге. Бұрын мүлде бизнес жоба дайындап көрмеген жастардың күдігін үмітке алмастырып, жоспар нақтылап, бизнес әлемге бағыттау тек мықты маман, менторлардың ғана қолынан келетін іс. Сондықтан бағдарламаға қатысушыларды осы кезге дейін 5 тренер жаттықтырып, елуге жуық тренинг өткізген. Жас кәсіпкерлерге тренерлер кәсіп жүргізуге берілген 6 айлық мерзім аяқталған соң да кеңес беріп, тренинг жүргізеді. Бір ерекшелігі, әлеуметтік жоба болғандықтан, жарты жыл көлемінде жас кәсіпкерлер бизнесінен пайда көрмей, мұқтаж жандарға тегін қызмет көрсетуі қажет.

Облыс бойынша жобаға қатысуға 670-тен астам қызылордалық тәуекел еткен. Жуырда іріктеу сынынан өтіп, миллион ұтып алған жастардың саны белгілі болды. Көш басында 93 жоба жеңімпазымен Қызылорда қаласы тұрса, мұнан кейінгі орында 69 жоба жеңімпазы анықталған Жаңақорған ауданы. Ал Шиеліде – 30, Жалағашта – 26, Сырдарияда – 19, Қармақшыда – 14, Қазалыда – 11, Арал ауданында 4 жоба үздік деп танылған. Бүгінде жобаны үйлестіру тобы ерекше идея иелерін сараптап, жеңімпаздарды қаржыландыру жұмыстарын жүргізуде.

«Zhas Project» бағдарламасына тек қатысушы болған жастың өзі кәсіпкерлік негізде едәуір білім жинақтаған. Жалпы, жоба қоғамда талабына қолдау таппай, «мұндай болмақ қайда деп», «жанбай жатып сөнетін» жастардың бизнес аланда бақ сынауына үлкен мүмкіндік сыйлады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ:
Жалағашта 76 жоба қаржыландырылды

Биыл облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» жарияланды. Бұл бағытқа қыруар қаржы қаралып, кәсіпкерлік бастамаларды қолдаудың жаңа тетіктері іске қосылуда. Сондай-ақ, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес кент және ауылдық округтеріне жетекшілік жасауға жауапты мекеме басшыларының бекітілуі де істің ілгері басуына игі ықпал етіп отыр.

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Жалағаш аудандық филиалы тарапынан биылғы жылдың 6 айында 440 адамға кеңес беріліп, сервистік қолдау бойынша 98 кәсіпкерге қолдау шаралары жүргізілген. Яғни, кәсіпкерлерге аудандық палата кеңесшісінің көмегімен бухгалтерлік және салықтық есептемелер мен статистикалық есептіліктерді тапсыру барысында қажетті кеңестер берілді.

Филиал директоры Самат Кариповтың айтуынша, «Бизнес-кеңесші» жобасымен 2017 жылы 218 адам оқыса, 2018 жылдың 6 айында 115 адам білімін жетілдірген. Мұнда Жалағаш кенті (43 адам), Аққұм (7 адам), Мәдениет (5 адам), Бұқарбай батыр ауылдық округтері (5 адам) ерекше белсенділік танытып отыр. Биылғы жылы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша екі топта 68 адам оқып, оның 56-сы өз жобасын қорғады.

Өткен жылы қайтарымсыз инновациялық грант беру бойынша «Өңірлік үйлестіру кеңесінің» қарауына 28 жоба ұсынылып, нәтижесінде 10 жоба 6 млн 140 мың теңге көлемінде грант ұтып алған болатын. Биыл да аталған бағдарлама аясында жобасын ұсынған азаматтарға кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы тарапынан толықтай сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, 64 жобаға бизнес-жоспар дайындалып, 101 адам екі күндік «Бизнес кеңесші» оқу курсына қатысты. Нәтижесінде, аудан бойынша жалпы құны 21 млн 517 мың теңгені құрайтын 26 жоба оң қорытынды алды. Олар: бұрын-соңды елді мекенде ашылмаған шаштараз, тігін цехы, монша, құс шаруашылығы сынды кәсіп түрлері.

Ал «Еңбек нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыз азаматтарға, сол сияқты ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 36 жобаға 116,8 млн теңге, аудандағы «Ауыл НС» ЖШС арқылы 7 жобаға 24,8 млн теңге, барлығы 76 жобаға 271,6 млн теңге көлемінде несие берілген.

Жоғарыда аталған бағдарлама аясында «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы жанындағы бақылау кеңесінің қарауында Жалағаш ауданы бойынша жалпы 154 млн теңгені құрайтын 46 жоба талқыланып, оның ішінен 70,5 млн теңгені құрайтын 32 жоба мақұлданды. Қазіргі таңда осы 32 жобаның құжаттары жинақталып, қаржыландыру бағытындағы жұмыстар жүріп жатыр. Атап айтқанда, 4 жоба жетекшісі «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының «Бизнес Кеңесші» компаненті бойынша екі күндік оқу курсына қатысқан болса, 28 жоба жетекшісі «Бастау Бизнес» бойынша 1 айлық оқу курсына қатысып, жобаны жүзеге асырудың жай-жапсарымен танысты. Айта кетейік, олар мал шаруашылығы, тігін цехы, сән салоны, жолаушылар тасымалы секілді жұмыс түрлерін ұйымдастыруға ниет білдірген.

Жалағаш аудандық индустриалды-аграрлық колледжі жоғары курс студенттерінің оқып жатқан мамандықтары бойынша кәсіпкерлікпен айналысуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында аудандағы кәсіп иелерін тарта отырып, іс-шаралар өткізіліп келеді. Сондай-ақ, осы колледж студенттері мен орта мектептің жоғары сынып оқушыларына арнайы экскурсиялар ұйымдастырылып, олардың аудан көлеміндегі кәсіпкерлік нысандардың жұмыс процесімен танысып, мамандардан тиісті кеңес алуына мүмкіндіктер жасалып отыр. Әрине, бұл жұмыстар уақыты келгенде өз нәтижесін беруі тиіс.

Айта кетейік, кәсіпкерлік палатасында кәсіп иелерінің өтініштері мен сауалдары бойынша тұрақты түрде құқықтық кеңестер беріліп келеді. Бұл да жұмыстың жүйелі жүргізілуіне басты ықпал. Мысалы, өткен жылы кәсіпкерлер тарапынан мектептегі асханаларға өткізілген конкурстарға қатысты және кәсіпкерлік мақсатқа сатып алынған жерді тіркеуге байланысты құқықтық көмек сұраған 13 адамның өтініші оң шешімін тапқан. Сонымен қатар, 2016 жылдан бастап кәсіпкерлер палатасы филиалының ғимаратында «Прокурор» кабинеті ашылып, бекітілген кестеге сайкес аудан кәсіпкерлерімен қабылдаулар өткізіледі.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

BAIQAÝ

ҮЗДІК ЖОБАЛАРҒА ЖҮЛДЕ БЕРІЛДІ

Кеше «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында «Қазақстанның үздік әлеуметтік жобалары» байқауының аймақтық кезеңі қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталды.

Байқаудың негізгі мақсаты – өмірлік қиын жағдайға тап болған жандарға көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бастамашыл әлеуметтік жобаларды қолдау, сонымен бірге, үздік бастамашыл әлеуметтік жобаларды анықтау.

Аталған жиында облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев алдымен жобаның маңыздылығын атап өтіп, байқауға қатысқан барлық үміткерлерге алғысын білдірді. Олардың қатарынан үздік деп табылған жобалардың келешекте табысты қызмет етуіне тілектестігін жеткізді.

«Қазақстанның үздік әлеуметтік жобалары» байқауы ағымдағы жылы 20 сәуірде басталып, маусым айының 30-на дейін қатысушылардың ұсыныстары қабылданды. Байқауға облыс бойынша 20 үкіметтік емес ұйымдардан өтінімдер түсіп, арнайы комиссияның назарына ұсынылды. Комиссияның шешімімен, байқаудың 4 бағыты бойынша 20 жобаның 13-і облыстық кезеңге жолдама алған болатын. Сол 13 жобаның 3-уі жүлделі орындарға және 2 жоба ынталандыру сыйлығына ие болды. Жеңімпаз атанған 3 жоба жетекшілері алдағы уақытта республикалық кезеңде бақ сынайды. Олардың қатарында облыстық кезеңде 3 орынға ие болған «Сыр мейірімі» әлеуметтік қоғамдық қоры «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының «Алғыс хаты» мен 500 мың теңге, 2-ші орын алған «Волонтеры Кызылорды» қоғамдық қоры 700 мың теңге, ал 1 орынды иеленген «Қанат» мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттық-сауықтыру орталығы» 1 млн теңге ақшалай сыйлыққа ие болды.

Айта кетейік, ынталандыру сыйлығын Қызылорда облысы «Мүгедектер қоғамы» бірлестігінің жетекшісі Шынаргүл Қуанышқызы және «Сырдария аудандық әйелдері» қоғамдық кеңесінің жетекшісі Ұлмекен Жаналиева иеленіп, оларға алғыс хатпен бірге түрлі-түсті теледидар табысталды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Кеше облыс әкімдігінде сыбайлас жемқорлық пен құқық-бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстар талқыланған мәжіліс өтті.

Жиынды кіріспе сөзімен ашқан облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Серік Шотаев сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекет саясатының негізгі басымдығы екенін жеткізді. Одан кейін облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларындағы қоғамдық індеттің алдын алу бағытында атқарылып жатқан шаралар туралы сөз болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) департаменті басшысының орынбасары Бақытжан Жандарбеков, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі департаментінің басқарма басшысы Бағдат Ізкенов арнайы хабарлама жасады.

Мәжіліс соңында тақырыптық видеоролик көрсетілді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Елбасының сарабдал саясаты арқылы мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі қалыптасты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясында мемлекеттік қызмет көрсетуді еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші екенін атап өтті.

Аталған қызметті көрсетуші органдардың басты мақсаты – азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау.

Президент биылғы Жолдауда «XXI ғасыр барған сайын күрделеніп бара жатқан бүгінгі заманғы мемлекетті басқаруға жоғары талаптар қояды» деген болатын. Бір жағынан қағаз бастылықтан арыла алмай келе жатқанымыз рас. Осыған байланысты Елбасы Жолдауда ең әуелі рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту керектігін назарға алды. Сондай-ақ, электронды үкіметті дамыту, компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет сапасын арттыру жөнінде тапсырма жүктеді. Мемлекет басшысының мұндай саясаты еліміздің одан әрі өркендеуіне, халқымыздың әл-ауқатының артуына, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдардың азаюына негіз болады деп есептеймін.

Ендігі жерде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болары сөзсіз. Ол тұтынушы ретінде тікелей халыққа арналуы тиіс.

Алия ИСКАКОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
агенттігінің облыс бойынша
департаментінің бас маманы.

BRIFING

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ 1 тамыздан басталады

Кеше өңірлік коммуникациялар орталығында жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясы барысында атқарылатын шаралар жөнінде облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Бердәулетов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Ш.Алмашова, облыстық ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметінің ювеналды полициясы бөлімшесінің басшысы Ғ.Нығметов мәлімдеме жасады.

Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердәулетовтің айтуынша, жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша «Мектепке жол» акциясы 1 тамыз-30 қыркүйек аралығында ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда қайырымдылық акциясын ұйымдастырудың іс-шара жоспары әзірленіп, бекітілген. Бұл орайда аталған акцияға қатысу жөнінде мемлекеттік органдар, бизнес құрылымдар және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жүргізіліп жатыр. Айталық, «Балаға мейірім сыйла!», «Бар жақсылық балаларға» атты қайырымдылық шаралары аясында алыс елді мекендерде мектеп формалары мен құрал-жабдықтарының жылжымалы жәрмеңкелері ұйымдастырылады.

Алдын ала белгілі болғандай, жаңа оқу жылында 18 765 бала алғаш мектеп табалдырығын аттайды. Нақты кезеңде білім басқармасы тарапынан олардың әлеуметтік жағдайына талдау жасалып, көмекке мұқтаж балаларды анықтау шаралары қолға алынған. Жалпы облыс бойынша қолайсыз отбасында – 2241, көпбалалы отбасында – 34 803, тұрмысы төмен отбасында 18 749 бала тәрбиеленуде. Акция барысында өткізілген шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында сауалнамалар, әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік көмек бөлімінің басшысы Шаризат Алмашова жалпы жоғарыда аталғандай, әлеуметтік қолдауды қажет ететін 28 600-дей балалар бар екенін, оның ішінде 17000-нан астамы 18 жасқа толмағандығын, сондай-ақ, 986 бала үйден оқытылатынын айтты. Жыл басынан бері 6000-ға жуық балаға 25 млн теңге шамасында көмек көрсетілген. Ал ішкі істер департаменті Жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция бөлімшесінің басшысы Ғалымжан Нығманов бұл бағытта саяжайлар мен жалдамалы пәтерлерде тұратын қолайсыз отбасы балаларын анықтап, олардың оқу жылы қарсаңында қажетті көмек алуын ұйымдастыруға байланысты жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді .

Ғ.ҚОЗЫБЕККҚЫЗЫ.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 05 шілдедегі № 1160 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 20.07.2018 жылы № 6388 тіркелген

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 1-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Қоса берілген отырған:

1) «Бала туды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) «Өкімдерді анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) «Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

6) «Азаматтық хал актілерінің жазбаларын не оның өкілін таңып беруді және қызметтерді (қызметкерлерді) мен өзге ұйымдардың өзара іс-қимыл тартібінің сипаттамасы регламенті;

7) «Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

8) «Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

9) «Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы М.Н.Делмұхановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының
әкімі **Қ. Кошербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «05» шілдедегі № 1160 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 178 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5218 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 17 қарашада жарияланған).

2. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 қазандағы №178 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы №658 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5663 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 16 желтоқсанда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда жарияланған).

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «05» шілдедегі № 1160 қаулысымен бекітілген

«Бала туды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал актілерін тіркеу бөлімдері және Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі - әкім);

3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

4) www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық/қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік), енгізілген өзгертілмеген, толықтырулармен және түзетулермен қоса туу туралы қайталама куәлік немесе «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №219 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 11374 нөмірмен тіркелген) бекітілген «Бала туды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағымен көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту).

Порталда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлы қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі берілген күннің болғандығы туралы хабарлама не стандартқа 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жолданады.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) мен өзге ұйымдардың өзара іс-қимыл тартібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының не оның нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілінің (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті беруіне немесе әкімге стандартқа 9-тармағында сәйкес құжаттар топтамасын жеткізуі немесе портал арқылы электрондық құжат нысанында өтініш жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті беруіне жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі 15 минут ішінде;

3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

4) www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық/қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік), енгізілген өзгертілмеген, толықтырулармен және түзетулермен қоса туу туралы куәлік немесе «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №219 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 11374 нөмірмен тіркелген) бекітілген «Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

2) порталда:

қайталама куәлік алған кезде – электрондық құжат нысанындағы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама не стандартқа 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

«АХАТ» тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінде азаматтық хал актілерін тіркеу органының мұрағатында азаматтық хал актісі болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының стандартқа 9-тармағының бекітілген қажетті құжаттар тізімінің сәйкес келмеуі немесе толық емес топтамасы және (немесе) мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда өтінішті қабылдаудан бас тартуды ұсыну.

9. Мемлекеттік корпорация және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну тәртібінің сипаттамасы, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу ұзақтығы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін Мемлекеттік корпорация арқылы алу процесінің сипаттамасы, оның ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға стандартқын 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді, көрсетілетін қызметі алушыға не оның өкілінің талон береді (жиырма минуттан аспайды).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі - әкім);

3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

4) www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық/қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі туу туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік), енгізілген өзгертілмеген, толықтырулармен және түзетулермен қоса туу туралы куәлік немесе «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі №219 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 11374 нөмірмен тіркелген) бекітілген «Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту).

Порталда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұранысты (бұдан әрі – электрондық сұраныс) жолдайды.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзге ұйымдардың өзара іс-қимыл тартібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының не оның нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілінің (бұдан әрі - оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға стандартқын 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын жеткізуі немесе портал арқылы электрондық құжат нысанында өтініш жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі Мемлекеттік корпорацияға стандартқын 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішін тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды (бір сағат ішінде). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдау;

9) Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметі алушыға не оның өкіліне береді (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: электронды сұранысты тіркеу және хабарлама жолдау;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қағаз жеткізгіштегі некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, енгізілген өзгерістермен, толықтырулармен және түзетулермен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы қайталама куәлік (бұдан әрі - куәлік) немесе «Азаматтық хал актілерін тіркеу және апостильдеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартын-рын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 219 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 11374 нөмірмен тіркелген) бекітілген «Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағымен көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту).

Портатда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында электрондық өтініштің қабылданғаны және некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу күнінің белгіленуі туралы хабарлама немесе стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер мен жағдайлар бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы электрондық құжат нысанында дәлелді жауап жолданады.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының не оның нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкілінің (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге немесе әкімге немесе Мемлекеттік корпорацияға стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын жүгіну немесе портал арқылы электрондық құжат нысанында өтініш жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушын ұзақтығы:

көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне талон береді (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну мекенсін қабылдау күні мен уақыты көрсетілін, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі қойылған талон (бұдан әрі - талон) береді (жиырма минутқа дейін);

3) көрсетілетін қызметті алушымен стандартқа 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасы және (немесе) мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтайды (бір сағаттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды және куәлікті немесе дәлелді бас тартуды дайындайды:

заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу - 2 (екі) жұмыс күні ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

басқа аумақтық бірлікте шығару орны бойынша заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде, неке бұзуды тіркеу туралы өтінішті жолдау қажет болған кезде - күнтізбелік 30 (отыз) күн;

хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе әрекетке қабілетсіз, сондай-ақ, қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыру туралы сот шешімі негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу - өтініш түскен күннен бастап 1 (бір) айға мерзімде ол туралы қамауда жаттқан жұбайға не әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысына немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайдың мүлкіне қорғаншыға хабарлай отырып, күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінде кірмейді);

комдектде толмаған балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткенмен кейін (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінде кірмейді) көрсетіледі;

стандартқа 9-тармағында белгіленген құжаттарды қосымша тексеру қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушының қару мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады;

азаматтық хал акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы өтініш – 7 (жеті) жұмыс күні (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінде кірмейді), басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу қажет болған кезде қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушының күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде хабардар ете отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын уақытқа ұзартылады.



кестенің жалғасы





кестенің жалғасы





кестенің жалғасы



«Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы



- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) және өзге ұйымдардың немесе комиссиялардың атауы;
- таңдау нұсқасы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

«Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы
Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғалардың табыстарын декларациялау жүйесі енгізіледі және бұл ауқымды шара «100 нақты қадам Ұлт жоспарының» 42-қадамын жүзеге асыру аясында жүргізілуде.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесін енгізудің мақсаты – көлеңкелі экономикаға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру үшін жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін тиімді бақылау жүйесін құру болып табылады. Жаңа жүйені енгізу салықтық әкімшілендіруді барынша қамтуға мүмкіндік береді және салықтарды толық төлеуді қамтамасыз етеді.

2020 жылы Декларацияны кімдер тапсырады:

- Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары, оралмандар және тұруға ықтиярхаты бар адамдар;

- кәмелетке толмағандар - егер оларда мүлік тіркелсе немесе табыс алса;

- шетелдіктер - Қазақстан Республикасының аумағында меншігі немесе үлесі болған кезде.

Алдын ала есептеу бойынша, 2020 жылы 18 жасқа толатын тұрғындар санатын ескерсек, шамамен 400 мыңнан астам қызылордалықтар декларация тапсыратын болады деп күтілуде.

Жалпыға бірдей декларациялауды ендіру мақсатында 250.00 нысанды «Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларациясы» бекітілді және жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген кезде берілген декларацияда жеке тұлғалар көрсетуге тиіс ақпараттар тізімі анықталды.

Бастапқы декларацияны тапсырған кезде жеке тұлғалар өз аттарындағы тіркелген барлық жылжымайтын немесе жылжитын мүліктердің тиісті тіркеу деректерін (реквизиттерін) көрсетеді. Оған жердің кадастрлық нөмірі, орналасқан мекен-жайы, автокөліктің маркасы, vin-коды, қозғалтқыш көлемі, мемлекеттік нөмірі, банктегі қаражат сомасы немесе қолдағы қаражаты, иелігіндегі жеке мүлкі мен шетелдегі мүлкі, заңды тұлғаларға қатысты құрылтайшы болуы немесе қатысу үлесі сияқты деректер толтыруға жатады. Бұдан басқа, жеке тұлға мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, биологиялық активтер түрінде басқа да мүлікті көрсете алады.

Әрі қарай табыстың және мүліктің декларациясы жыл сайын толтырылатын болады, ол 2 нысан бойынша қарастырылған – 270.00 кеңейтілген нысаны, 260.00 қысқаша нысаны.

Кеңейтілген декларацияда жыл ішіндегі пайда болған және шығысталған табыстар көрсетіледі, салықтық шегерімдер, жылжымайтын мүлік, көлік, бағалы қағаздар, меншікті капитал, инвестициялық алтындар, туынды қаржы құралдары сатып алынған немесе иеліктен шығарылғанда.

Кіріс пен мүліктің қысқаша декларациясын (бір парақта) зейнеткерлер, студенттер мен жалданбалы жұмысшылар ұсынады. Осылайша, бір жыл ішінде басқа ешқандай табыс алынбағанын растайды.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесі заңсыз табыстарды анықтаумен қатар, азаматтардың салық төлеуші ретінде мәдениетін қалыптастырады, яғни салықтық міндеттемесін орындауға деген өзіне талабы жоғарылайтын болады деп күтілуде.

Б.ОРДАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.

ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛЫҢЫЗ

Дәрігерлер бауыр ауруының тым жасарып бара жатқанын айтып «ДАБЫЛ» қағуда, бұрын «БАУЫРЫМ» деп бөзекетіндер 50-60 жастан асқандар болса, бүгінде небәрі 30 жастағылар дәрігердің алдына баруға мәжбүр. Аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілгендігімен – ауыр зардапқа әкеп соқтыратын бауыр циррозына шалдыққандардың қатарының кемімей күрт артуы алаңдатуда... Гепатиттің бес вирусы бір-бірінен өте ерекше, түрлі жолдар арқылы беріліп, халықтың түрлі топтарында кездесіп, денсаулыққа түрлі салдарын тигізуде. Дүниежүзілік вирустық гепатитпен күрес күніне (28 шілде) орай 2018 жылдың 23 шілдесі мен 21 тамызы аралығында «ГЕПАТИТ ТОҚТА!» ұранымен вирустық гепатиттердің алдын алу мақсатында салааралық бағытта айлық өткізілуде.

Вирустық гепатит – А, В, С, D және Е гепатиті ретінде белгілі инфекциялық аурулар тобы жіті және созылмалы бауыр ауруын тудыра отырып, әлемде миллиондаған адамды ауруға душар етеді. Вирустар әртүрлі жолмен: А және Е гепатиті – таза емес тағам мен су арқылы; В гепатиті – босану кезінде анадан балаға, баладан балаға, ине салу мен қан құю, жыныстық қатынас арқылы; С гепатиті – негізінен, таза емес қан арқылы және D гепатит – В гепатитімен ауырғанда қосымша инфекция ретінде беріледі.

Алдын алу шаралары:

• Жеке бас және қоғамдық гигиена ережелерін сақтаңыздар: дәретханадан кейін және тамақтану алдында қолды мұқият жуыңыздар.

• Ішуге тек қана қайнаған су және жеке бас ыдысын пайдаланыңыз.

• Өзіңізді қуту мақсатында жеке бас құралдарын пайдаланыңыз.

• Уақытылы вирустық гепатиттерге қарсы вакцинацияны қабылдап отыру керек.

Аурудан сақтанудың тиімді әдісі – алдын алу шараларын сақтау екенін ұмытпаңыздар!

Ботакөз ҚАРЫМСАҚОВА,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-ның маманы.

«ДЕНСАУЛЫҚ ЖОЛЫ - 2018» АКЦИЯСЫ

«Денсаулық жолы» ұлттық бағдарламасының басты мақсаты құрамында тұз, қант, майлары (қаныққан майлар, трансмайлары) көп азық-түліктерді тұтынуды шектеу немесе бас тарту туралы ақпараттандыру арқылы халық денсаулығын сақтау мен нығайту, дененің артық салмағы мен семіздіктің қаупін азайту және жұқпайтын аурулардың алдын алу үшін халыққа салауатты өмір салты негіздерін үйрету, дұрыс тамақтану әдеттері мен дағдыларын қалыптастыру және құрамында тұз, қант, майлары көп азық-түліктердің денсаулыққа зияны туралы халықты ақпараттандыруды арттыру болып табылады. «Денсаулық жолы-2018» кең ауқымды шарасын өткізуге аудандық емдеу мекемелерінің бас дәрігерлері, ауыл әкімдігі қатысты.

Бекітілген кестеге сәйкес, жылжымалы медициналық кешен шілде айының 16-нан тамыздың 7-не дейін алыс шалғай жатқан елді мекен тұрғындарын медициналық дәрігерлер бригадасы (кардиолог, эндокринолог, педиатр, онколог, жалпы тәжірибелі дәрігер, хирург, офтальмолог) флюрография, электрокардиография, лаборатория, индекс Кетле, қан құрамындағы холестерин, глюкозаны анықтау, қан қысымын өлшеп, радиотораб арқылы халыққа керекті ақпараттар хабарланды. Денсаулық күніне арналған бұл шаралар белсенді ұзақ өмір сүруді және денсаулық сақтау мүмкіндіктері туралы халықтың ақпараттануын арттыруға, өз денсаулығын нығайту және сақтау мәселелері бойынша бүкіл қоғамның жауапкершілігін арттыруды көздейді.

Т.МҰХАНБЕТҚЫЗЫ,
«Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-ның дәрігері.

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ДАУЫС БЕРУ БАСТАЛДЫ

Жалпыға ортақ Еңбек қоғамын құру жөніндегі Ұлттық жобасы аясында өнімді еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттау және жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек жолы» республикалық конкурсының облыстық деңгейдегі жеңімпаздарын анықтау үшін дауыс беру басталды.

Онлайн дауыс беру 2018 жылдың 30 шілдесінен 8 тамызына дейін 3 номинация арқылы жүргізіледі:

«Үздік тәлімгер»
«Өндірістің үздік жас қызметкері»
«Үздік еңбек династиясы»

Әр үміткердің тұсында дауыс беру телефоны көрсетілген. Қоңырау шалу – 32 теңге.

Үміткерлердің бейнероликтерін youtube.com сайтынан «Еңбек жолы-2018» Қызылорда каналы арқылы көре аласыздар

Қалаған үміткерге дауыс беріңіздер.

Сіздің даусыңыз маңызды.

Электр энергиясының сатылу тарифінің төмендеуі жөніндегі хабарлама Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын

ТҰТЫНУШЫЛАРЫ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 24 шілде 2018 жылғы №05-22/1764 хабарламасына сәйкес 01 тамыз 2018 жылдан бастап «Шиелі Жарығы» ЖШС бойынша электр энергиясының орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша құн салығынсыз - 16,11 теңге, қосымша құн салығымен – 18,0432 теңге мөлшерінде белгіленді.

Сонымен қатар төмендегіше сараланған тарифтер енгізіледі:

1. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (Қосымша Құн салығымен):.

1.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1-деңгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ. дейін)	17,06 теңге
* 2-деңгей	– 1 адамға 1 айға (71 -150 кВт*сағ. аралығы)	20,76 теңге
* 3-деңгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ. жоғары)	25,96 теңге

1.2.. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1-деңгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ. дейін)	17,06 теңге
* 2-деңгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	20,76 теңге
* 3-деңгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ. жоғары)	25,96 теңге

1.3..Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1-деңгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ. дейін)	17,06 теңге
* 2-деңгей	– 1 адамға 1 айға (101 -150 кВт*сағ. аралығы)	20,76 теңге
* 3-деңгей	– 1 адамға 1 айға (151 кВт*сағ. жоғары)	25,96 теңге

2. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай):

№	Тұтынушы санаты	Қосымша Құн Салығынсыз	Қосымша Құн Салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	19,84 теңге	22,2208 теңге
2.	Басқа да заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен шаруашылық нысандары	15,32 теңге	17,1584 теңге

«Шиелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 16.07.2009 жылы №000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 24.07.2018 жылғы №05-22/1765 санды дәлелді қорытындысы негізінде 2018 жылдың 1-ші тамызынан бастап «Энергосервис» ЕЖШС-ның электр энергияға тарифтерінің төмендегендігі туралы хабарлайды.

1. Орташа босату тарифі – 17,6848 теңге ҚҚС-мен;

2. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 16,1952 теңге ҚҚС-мен.

3.Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрплиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:

• 1 – деңгей 70 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,0864 теңге ҚҚС-мен;

• 2 – деңгей 70-тен 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,432 теңге ҚҚС-мен;

• 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,2928 теңге ҚҚС-мен;

4.Тұрғындар саны мен тұтыну көлемі негізінде электрплиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін сараланған тариф:

• 1 – деңгей 90 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,0864 теңге ҚҚС-мен;

• 2 – деңгей 90-нан 170 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,432 теңге ҚҚС-мен;

• 3 – деңгей 170 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,2928 теңге ҚҚС-мен;

5. Тұтыну көлемі негізінде (жеке тұлғалар жасына байланысты жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, ҰОС ардагерлері және осыларға теңестірілетін тұлғалардан бөлек меншік иелігінде кемінде бір тұрғын үй жайы(пәтері) бар) электр плиталарын қолданатын тұтынушылар үшін сараланған тариф:

• 1 – деңгей 100 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,0864 теңге ҚҚС-мен;

• 2 – деңгей 100-ден 150 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,432 теңге ҚҚС-мен;

• 3 – деңгей 150 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,2928 теңге ҚҚС-мен;

6. Тұтыну көлемі негізінде (жеке тұлғалар жасына байланысты жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, ҰОС ардагерлері және осыларға теңестірілетін тұлғалардан бөлек меншік иелігінде кемінде бір тұрғын үй жайы(пәтері) бар) электр плиталарын қолданатын тұтынушылар үшін сараланған тариф:

• 1 – деңгей 100 кВт*с дейін 1 адамға айына – 15,0864 теңге ҚҚС-мен;

• 2 – деңгей 100-ден 170 кВт*с дейін 1 адамға айына – 19,432 теңге ҚҚС-мен;

• 3 – деңгей 170 кВт*с жоғары 1 адамға айына – 24,2928 теңге ҚҚС-мен;

7. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 19,0512 теңге ҚҚС-мен.

8. Бюджеттік ұйымдар үшін тариф – 25,2784 теңге ҚҚС-мен.

9. Өзге тұтынушылар үшін тариф – 17,864 теңге ҚҚС-мен.

«Энергосервис» ЕЖШС-ның әкімшілігі.

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Қызылорда облысы әкімінің аппараты және облыстық мәслихат аппараты облыс әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы Марал Ақдәулетоваға апасы

Бақыт Мінайдарқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады.

Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.

Байланыс тел.:
8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(12-11)

TÝǴAN JER

СЫРЛЫ, НУЛЫ ШИЕЛІ

Естелік

Шиелі – бір жағынан Қаратау, екінші жағынан Сырдария аралығындағы шөбі, суы мол, тірлікке өте қолайлы, ат бауырын жазып шабатын дала. Тауды қарақұйрық, архар, киік жайлаған. Дария жағасындағы қалың тоғай сан алуан аңға, құсқа толы. Кезінде қамыс арасында қабан, жолбарыс тіршілік еткен. Қырғауыл, қоян, түлкі, басқа аң-құстар мекені болған. Ең соңғы жолбарысты орыс солдаттары аулап, көзін жойған. Қабанды 1940 жылға дейін Ресейден келген аңшылар аулаған. Қырғауылды жергілікті аңшылар Тәшкенге апарып сатқан. Сыр бойының табиғаты бай жері – Шиелі өте ерте замандардан көзге түскен. Тек үш ай қысы қатты. Қорғанысы – тоғайлар мен қалың ағаш, ну орман.

Ел аузында Шиелі әулиелі жер деп аталған. Оның екі себебі бар. Біріншіден, бұл жерде жабайы ақ шеңгел, шие өскен. Ондай жерді ел әулиелі деп ұққан. Екіншіден, мұнда екі ескі Қорым бар. Шиелінің батысындағы қорым «Оқшы ата», ал шығысындағы – «Сунақ ата». Ел ішінде қадірлі азаматтар дүние салса, оны сол қорымдарға апарып, жерлейтін болған, Оқшы ата қорымында «Асан Ата» зираты бар. Оны ел тарихтағы Асан Ата деп жориды.

Шиелінің ерекшелігін ел осы екі әулие атамен байланыстырады. Сонымен, Шиелі есімі бір замандардағы жабайы шие өскен әулиелі жер деген ұғымнан туындаған болса керек.

Ағайыннан айырылған қиын екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.

Қоқандықтар дін арқылы келіп, опасыздық көрсетіп, халықтың намысына тиіп, билеген. Патшалы Ресей Ақмешіттен қоқандықтарды қуып, қазаққа жәрдем көрсетіп, қазақ жеріне бейбіт кіре бастаған. Ақмешіт генерал В.А.Перовский (1795-1857) атымен 1853 жылдан 1925 жылға дейін аталды. Бұл қазіргі облыс орталығы – Қызылорда қаласы.

Шиелі жері Сыр бойындағы әрі жазық, сулы, нулы жер болғандықтан, ерте замандардан егін егуге де қолайлы болды. Сірә, алғашқы егіс арпа, бидай, тары болса керек. Одан соң қауын, қарбыз өте бітік өскен. Мәселен, қауынның жаздық

Шиеліні тарихта су баспаған, жау алмаған. Біріншіден, су баспау себебі, артық суға тосқауыл – Бидайкөл деген үлкен су қоймасы болған. Одан бес арық Шиеліні кесіп өтіп, су алған. Бұл – Шиелі каналы қазылғанға дейінгі жағдай. Одан соң дариядан тура тартатын «Чиилинка» деген суы мол, ағысы қатты өзек болған. Ақырында, теміржол салынды. Шиелінің шығысынан теміржолға «Қызыл көпір» деген көпір салынған. Сол көпір су тасығанда, жойқын суды көпір астынан өткізген. Бұл Шиеліге су бармасын деген әрекет еді. Әрине, олардың пайдасы болды, десе де, ел әр уақытта Шиелі амандығын әулиелермен байланыстырады. Өйткені Шиелінің дариядан төмендігі, әрі тегістігі қауіпті еді. Екіншіден, Сыр бойы ерте замандардан әр елдің қызығушылығын тудырса да, Шиеліні жау ала алмаған. Ол – тарих. Шиеліде «Бес Там» деген жер аты бар. Ел ол жерде Хан ордасы болған деп атайды. Сірә, ол осы аймаққа патшалық құрған әйел-патша Томирис жері болған деседі. Сыр еліне көз тіккен б.з.д. VI ғасырда Парсы (Иран) елі патшалары Кир, Дарий, б.з.д. III ғасырда әлемді билеген Александр Македонский (ол да Иран патшасы атанған) жауламақ мақсатпен келген. Бірақ жорықтары тіпті шайқассыз, сәтсіз аяқталғаны ғажап, тарихтан айқын. XVII-XVIII ғасыр аралығында жоңғарлар шабуылы да олардың қирауымен аяқталды. Қазақ халқы оларды қырып жіберген. Шиелі мен Төменарық арасындағы Қаратау етегіндегі жазықта «Қалмақ қырған» деген жер бар. Ол соның дәлелі болса керек. Жоңғарлардың сәтсіз аяқталған шабуылы ел есінде «Ембі - ай» ән-өлеңімен сақталған. Өлеңнің өзі де Шиеліде туған. Онда мынадай сөздер бар:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

экологиялық таза тағам жеу – қолдан шығып кеткен арман. Біздегі табиғат берген берекені қолымызда мықтап сақтап пайдалана білу – тіршілік талабы. Елбасымыздың саясаты да осы мақсатқа арналған.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап КСРО Ғылым Академиясы Археология институты ғалымдары Түркістан тұсындағы Қаратауда бірнеше жылдар қазба жұмысын жүргізіп, 18-20 метр терендіктен кремень, граниттен жасалған кесетін, қазатын, тоқпақтайтын еңбек құралдарын тапқан. Мерзімін 600 мыңнан

түрлері «әңгелек», «басыбалды» сондай-ақ, түрікпен жерінен келген «саржау» деген торлама, күздік «күләбі» деген қауындар әрі шырын, әрі түрікпен жеріне қарағанда, өте үлкен болып өскен.

Кейін түрлі көкөністер егіліп, күріш дақылы шаруашылықтар ендірілді. Негізгі тыңайтқыш – ол жоңышқа. Егер бір жерге жоңышқа егіп, оны үш жылдан кейін басқа дақылмен ауыстырса, өнім өте жоғары болады. Бұл әдіс кеңес жылдарында да кеңінен қолданылды. Ыбырай Жақаев бастаған күрішшілер жыл сайын мол өнім берген. Мәселен, Ыбырай Жақаев Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алды. Көптеген оның ізбасарлары Социалистік Еңбек Ері атанды. Олардың ішінде жас қыз-келіншектер де болды. Корейлер күріш егісінің шығыстық тәсілін әкелді.

Шиелі жерінде күріш дақылын көбейту үшін Қазақстан Үкіметі 1939 жылы атақты «Шиелі» каналын қазып, мол өнім алу жолын ашты. Н.С.Хрущев кезеңінен бастап егінге химиялық тыңайтқыштар кеңінен қолданылды. Әрине, тыңайтқыш ауыспалы егіске жері тар елдерде қолданылды. Тыңайтқыш егіс өнімін күшейтсе де, оның табиғи сапасын өзгертеді. Амалсыз іс. Мәселен, жапондарда жердің тарлығынан ауыспалы егіс қолданылмайды. Қазақстанда әзірге жер мол. Техника бар. Ауыспалы егісті пайдалана беру керек. Экологиялық таза өнім – денсаулық кепілі. Ең болмаса, есік алдындағы жерге ауыспалы егіс егіп көр. Бұл жұмысты әркім өзі үшін қолданғаны жөн. Мен оқушы кезімде есік алдындағы егісті өзім өсіретін едім. Әлем химияға көшті. Бізде әлі мүмкіндік бар. Бабадан қалған жерді таза күйінде пайдаланған, аялаған жөн. Бізге тағдыр берген мүмкіндіктерді барынша толығымен игерейік. Бүгін әлемде

700 мың деп белгілеген. Еңбек құралы тікелей санамен байланысты. Сол кезден жеуге қолайлы өсімдік дәнін уатып, граниттен жасалған ұңғайтын диірмен сияқты құрал жасап, шақпақ тастан от шығарып, қолға алған малдың етін жеп, терісін, жүнін киім еткен. Олай болса, сол дәуірлерден аңшылық орнын егін егу баса бастаған деп шамалады Ресей ғалымдары. Саналы адам тарихы бір миллион жылдай болса керек. Сыр елінің егінмен айналысқандары жартылай отырықшы өмір сүрген көрінеді. Қаратауды орыс ғалымдары жай зерттеген жоқ. Қаратау цивилизация бастауы деп қарады. Бұл негізсіз пікір емес.

Ол кезде базар толған дүкен, дүкенді ұстайтын өзбектер, татарлар еді. Шиеліге қоныстанған татарлар: «Жүгіріп атқа міңгән шақта, көрінәр Қазан қаласы. Танымасаң танысабыз, біз чиәлі баласы», – деп жырлайтын. Өлең өте ерте замандарда шыққан болса керек. Өлең Қазан – Шиелі арасын атпен жүргенді бейнелейді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қоныстанған бұрынғы «Басы байлықта» болған орыс шаруалары: «Базар большой, полным полно народу. Русская барышня идет, давай дорогу», – деп өлеңдетті. Өлең – олардың байығандығының көрінісі.

Жалпы, Шиелі – көпұлтты мекен. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс шаруалары қоныстанып, Шиеліде екі үлкен көше тұрғызды («Свобода», «Хохляцкая»), кейін соңғы көше «Первомайская» атанған. Олар үлкен қоңыраулы, күмбезді шіркеу, аурухана орнатып, бастауыш мектеп ашты. Шиелі батысындағы бірінші теміржол станциясы – «Бәйгеқұм», аты айтып тұрғандай, Шиелі станциясы мен Бәйгеқұм арасындағы жерге ат жарысы жиі өткізіліп, көкпар ойыны болып тұрған.

Шиеліде «Айтбай» мешіті болған, ол да – тарих. Қазақ мектебі «Балалар үйіне» байланысты бірден жетікластық болып ашылды. Оған себеп – жаппай аштық салдары. 1928 жылы шіркеу де, мешіт те жабылды.

1937 жылы Қиыр шығыстан корейлер келіп орналасты. Соғыс жылдары Шиеліге шешен, ингуш, балкар, түрік, қарашайлықтар орналасып, көп ұлт татутәтті өмір сүрген мекенге айналды.

Бұл жерге келгендердің бәрі қазақ тілінде сөйледі. Мәдениет дамыды. Татарлардан – гармонь, корейлерден скрипка келді.

Мәскеуде аспирантурада оқып жүрген кезімде В.И.Ленин атындағы кітапханада КСРО Халық Комиссарының орынбасары болып қызметке тағайындалғанда, ұмытпасам, 1927 жылы «Кешкі Мәскеу» газетіне берген сұхбатында Тұрар Рысқұлов: «Екі қалаға ат қойдым. Бірі – Қызылорда, екіншісі – «Ұлан Батор». Ұлан моңғолша – қызыл деген сөз», депті.

Шиелі ерте замандардан Сыр бойындағы қызу сауда орны болған. XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін Шиеліде екі үлкен сауда базары жұмыс жасаған. Бірін «Мал базары», екіншісін «Мүлік базары» атаған. Бұған Ресейден самаурын, кесе-шәйнек, қазан, Орта Азиядан бөз матасы, жібек, өрік, мейіз, арабтардан құрма түссе, Қытайлар қағаздан түсті бояулы гүлдер жасап сататын болған. Ол қағаз гүлдер Шиеліде 1945 жылға дейін кейбір үйлерде сақталды. Базарлар көшпелі мал баққан ауылдар мен тауар айналысын күшейтті. Бұл – мәселенің бір жағы. Екінші жағы – базарларда ел жиналатыны сонша, онда қымызханада әнші, домбырашылар өнер көрсетіп, сауық құратын.

Сәуір, қазан айларында өзбектер «Дар» (канатоходцы) ойынын көрсетіп, елді таңқалдыратын. Биіктігі 17-20 метр тартылған арқанмен жүріп, кейде 5-6 жастағы баласын ертіп арқанмен жүріп өнер көрсеткенде, жерде тұрған жүргізуші кернеймен айқайлап: «Мына өнер көрсетіп жатқан кісінің әкесі, атасы, туыстары «Дар» ойынын көрсеткен, құлап өлген деп хабарласа болды, жайылған дастарханға ел ақша тастайтын. Бұл өте қауіпті ешқандай қорғаныс, қауіпсіздік сақталмаған ойын еді. Кейін Кеңес үкіметі «Дар» ойынына тыйым салды.

Орынбор мен Тәшкен аралығында Көлік тынықтыратын Шиелі бекеті болған. Темір жол салынғанша (1904 ж.) бұрын станция атанған, кейін вокзал мен базар аралығы 4 шақырым, адамдарды таситын фаэтон жүрген. Осы екі арада Құм болған. Оны ел «Дузақшы құм» деп атаған. Қазір ол құм жоқ. Жол салуға тасып әкеткен. Кезінде әлгі құмды ұрылар жайлап, фаэтонда бара жатқан саудагерлерді тонайды. Әлгі есім содан қалған. Ел жиылған, сауда қызған жерде түрлі өнер, мәдениеттер ежелден тоғысқан. 1939 жылы атақты Қажымұқан Шиеліге келіп, үлкен өнер көрсетті. Ел риза болды.

Күрескер ақын Ақтамберді, Иманжүсіп ақын Нартай Бекежанов осы елдің түлегі. Шығыс ертегілер шыңы «Мың бір түнді» қазақ тілінде сөйлетіп, елге оның тәрбиелік мәнін таратқан жазушы Қалмахан Әбдіқадыров Шиелінің тумасы. Ақын Әбділда Тәжібаев, академик Лениндік сыйлық лауреаты Шахмардан Есенов, академик Мұхамеджан Қаратаев, басқа да ғылым қайраткерлері осы елден шықты. Сәбит Мұқанов Шиеліге келіп, елмен әңгімелесіп, «Октябрьдің XIV жылдығы» атындағы қазақ орта мектебі оқушыларымен кездесіп, «Сырдария» романын жазды. Кездесуге мен де қатыстым.

Атақты Мұстафа Шоқай осы ауданның тумасы. Оның бүкіл өмірі Түркістан бостандығы, тәуелсіздігі үшін күреспен өтті. Қызылорда қаласында оның зәулім ескерткіші бой түзеп тұр. Сұлутөбеде музейі бар.

Бұл айтылғандар Шиелі жерінің есте қалған, көрген кейбір ерекшеліктері десе болады. Қыдыр дарыған өлкені бағалап, күтіп, пайдалана білсек екен! Жер-Ана – ел тірегі, тіршілік негізі. Оны аялау, қадірлеу – әрбір перзенттің парызы.

Досмұхамед КІШІБЕКОВ,
академик,
философия ғылымдарының
докторы.

OQIǴA

ҚАҚПАНҒА КӨКЖАЛ ТҮСТІ

Қазекем ит-құс деп атын атай бермейтін бөжек бұл күндері Қыр мен Сырды түгел жайлағандай. «Ойбуй, несін айтасың, ана жерде баспақты тартып кетіпті, мына жерде бес-алты қойды тамақтапты, жылқыға да шауыпты» деген үрейлі сыбыстар әйтеуір үзілмейді. Ызаланған қарулы жігіттер мылтығын сайланып шыққанымен, қасқырыңыз оңай олжа емес. Табиғатына тән нағыз тағыңыз осы. Десе де, оны қолға түсірудің бір амал – бағзыдан қақпан құру.

Осыдан біраз жыл бұрын жөн білетін ересектер Қарақалпақ жақтан бір қақпаншы кісіні қолқалап әкеліп, ізге салғаны бар. Төбесінде көзі бар адам екен, қақпан құрып, төрт күнде төрт қасқырды ұстады. Азуы алты құлаш көкжалды ауыл адамдары алыстан тамашалағаны да сол кез еді. Сонда қарт малшы Мырзан: «Кәрілігің жылдан-жылға еңсені төмен тартып барады, бұрынғыдай бұ жыртқышыңның соңына түсе алмаймын-ау, жастар болмаса», деп басын шайқап отырып алған-ды. Аузына құдай салғаны шығар, қолындағы кенжесі Рүстем соңғы екі-үш жыл көлемінде жыртқыштарға қақпан құрып, айла-тәсілі мен өжеттігі жөнсіз иткұсыңның талайын ауыздықтап жүр.

Күні кеше Қандөзге жолымыз түскен. Інім Сырманның үйіне бас сұғып, шайға қол соза бергеніміз сол, амандаса келген біреудің: «Рүстем қасқыр ұстапты, жаңа ауылға алып келді» дегені. Әуелгіде қалжыңдап отыр ма деп қалғаным. Өйткені, өткен жылы күзде де дәл осындай жағдай кезіккен-ді. Сонда доғдыр Әшекеңнің ауласына мотоциклін салдыратып қақпаншымыз жетіп келген-ді. Тірі қасқырды салақтатып артып алған. Бұл жолы да анық солай болыпты. Қалта телефонына «әлеу» дегенімізше, өзі де келді.

– Сумағар каналы жағындағы Тынысбек көлінен Қашқанкөлге таяу жерден жыртқыштың ізін байқап, алдыңқуні қақпан салып кеткенмін. Таңертең барсам, сүйреткісінің ізі сайрап жатыр. Қаны әр жерге тамшылап қалың қамысқа қарай тартыпты. Жолдағы жыңғылдарды жапыра қашқанына қарағанда нағыз арланның өзі болар деп топшылағанмын. Ойлағаным айдай келді. Қақпанмен алыса-алыса шаршаған болуы керек, қалыңның арасында солығын басып жатыр екен. Жанымдағы Кенже Байарыстанов қарулы жігіт қой, жыңғыл томарды оңтайлап барып, дәл тұмсықтан соқты. Есінен танған сәтте аузына кергіш салып, аяғын байлап алдық. Міне! – дейді қақпаншы Рүстем. Ауылдастарының айтуынша, бұл жергілікті қақпаншы Кенжесариевтің былтырдан бергі ұстаған тоғызыншы жыртқышы көрінеді.

– Жан-жануарға залалын тигізген жыртқыштан қорғанғанның айыбы жоқ, – деген ауыл молдасы Әбсадық та жас жігітке батасын беріп жатты. Мынау сол қақпанға түскен қасқырдың тұрпаты. Амалсыз момақан болып жатыр жыртқышың.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы, Қандөз ауылы.



DENSAÝLYQ

ТАЛАЙҒА ҚАНАТ БІТІРГЕН «ҚАНАТ»

Сал ауруы – өте күрделі кесел. Медицинаның өзі бұл кеселге дәрменсіздік танытып жжатады. Алайда, бұл ауруды емдеуге болатынын жерлесіміз Сәкен Темірқұлов он тоғыз жылдан бері дәлелдеп келеді. Әр баланы аяққа тұрғызуды мақсат еткен Сәкен ағаның бұл табандылыққа баруының да өз себебі бар. Тұңғышы Қанат дүниеге келгенде ол кісі қатты қуанады. Бірақ көп ұзамай баласының сал ауруымен ауыратынын біледі. Студент әке дәрігерлердің алдын тоздырып, бармаған, апармаған жері қалмайды. 1988 жылы Қанат 6 жасында дүниеден озады. Осындай шарасыз күйде қалып, баласын құтқара алмаған өкініші оған ой салады. Баласының қазасынан соң сал ауруын зерттеуге кіріседі. Барлық еңбектерде «емделмейді» деген сөзді көрсе де, қалайда бір жолы болу керек деген оймен үмітін үзбей ізденеді. Ізденісі нәтижелі болды. Бүгінде қаншама жанға қуаныш сыйлап алғыс алуда.

Сәкен Темірқұлов бұл істі алғаш үйінде отырып бастайды. Яғни, балаларды өзі жасаған құрылғылар арқылы үйден емдейді. Келушілер қатары көбейген соң өзге жерлерді жалға алып, жұмысын тоқтатпайды. Тынымсыз еңбегінің арқасында бүгінде екіқабатты сауықтыру орталығын салуда. Ғимаратқа кіргенде қаз-қатар тізілген арбаларды көріп еріксіз көңілің түседі. Орталыққа енгендегі аура мүлдем бөлек. Өмірге құштар, үміттерін үзбеген қайсар балапандардың талпынысы ерекше әсер қалдырады. Бәрінің жанарынан «жүріп кетемін» деген ойды көресіз.

Біз барғанда орталықта 50 бала жаттығу жасап, ем қабылдауда екен. Олардың арасында шет елден келгендерде бар. Көбіне Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан, Шешенстан қалаларынан келіп ем қабылдайды екен. Бұрын балаларды ғана емдесе, бүгінде Сәкен аға жасаған құрылғылар ересектердің де ем алуына мүмкіндік туғызуда. Оның ойлап тапқан аппараттарының ұлгісі әлемде жоқ. Қарапайым темірден жасалса да бүлдіршіндердің аяққа тұрып, жүріп кетуіне үлкен септігін тигізіп отыр. Қазіргі күні 83 аппарат іске қосылған. Бір өкініштісі, осы бір аппараттарға әлі күнге дейін патент алынбаған. Қазіргі таңда республикадан бөлек алыс-жақын шет елдерден келіп түсетін ұсыныс та көп көрінеді. Бірақ ол өзінің жетістігімен тек жерлестерімен бөліскенді жөн санайды. Өз жерінің, елінің дамуына үлес қосуды ойлайды.

– Мен өз елімнің патриотымын. Жетістіктерімнің нәтижесін, игілігін ең алдымен жерлестерім көрсе деймін. Осы істі қолға алғалы бері қаншама елден, тіпті басқа қалалардан да ұсыныс түсті. Зәулім ғимарат салып та береміз деді. Бірақ оған келіспедім. Қазақта сөз бар «өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңе ұлтан бол» деген. Қандай жаңалық ашсам да туған жердің игілігі үшін. Бұл орталық менің бір ғана жеткен жетістігім. Әлі талай дүниелерді жүзеге асырғым келеді. Ендігі жерде тек патент алуыма мемлекет тарапынан қолдау болса екен.

Ал, бүгінгі күнге келер болсам, әр бала аяққа тұрған сайын бұл жерде қуаныш еселей түседі. Церебралды салдан бөлек, туа бітті жарық, гийена барре секілді аурулар да ем қабылдайды. Орталық толық бітсе, 100 бала қамтылатын болады. Алдағы уақытта балаларға тек құрылғылар мен жаттығу жасатып қоймай, дерті ауырларға ота жасауды да қолға алмақшымын. Бұл ретте Тула қаласының дәрігерлерімен келісім бар. Орталықтың бір бөлігінде остеохондроз, протрузия, омыртқа дискісінің жарығы ауруларына ем жүретін болады, – дейді.

Орталықта ем алу 300 мың теңге. Алайда, отбасының жағдайына қарап, қолынан келгенше емдейді. Олардың да бұрынғы өзі секілді шарасыз күйде қалмағанын қалайды. Бергенін қанағат тұтып, ел балаларын емдеп отырған дәрігерге келушілердің ризашылығы зор.

Мәселен, сауықтыру орталығында ем алып жүргендердің бірі – Ақтау қаласынан келген Аягөз деген бүлдіршін. Оған дәрігерлер мүлдем жүрмейді деп емдерін тоқтатады. Сонда да ана жүрегі үмітін үзбей осы орталыққа әкеледі. 3 апта дегенде аяққа тұрған қызын көргенде жас ананың қуанышында шек болмайды.

– Менің қызым 1 жас 2 айынан бастап осы дертке душар болды. Қытай, Ресей елдеріне апардым. Бірақ ешқайсысынан дауа таппадық. Осы орталықты ақпан айында естіп, мамыр айынан бастап ем қабылдадық. Шүкір, 3 аптада аяққа тұрып, төртінші аптада балдақпен жүре бастады. Біз үшін бұдан асқан қуаныш жоқ. Бірінші Аллаға, екінші Сәкен ағаға айтар алғысым шексіз, – дейді ақтаулық Гүлдана Құтжанова.

Бүгінде «Қанат» мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттық-сауықтыру орталығының жұмысы елімізде өтетін «Қазақстанда іске асырылатын үздік жобалар» байқауының аймақтық додасында топ жарып тұр. Алдағы уақытта республикалық іріктеуге қатысатын болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

Кезекші редактор **Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28697
Тапсырыс №1183

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".
e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz